

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ  
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**20.03.2025 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – б.ғ.к. Қ.Т.Абдраимова, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент Э.Қ.Ибрагимова, АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.О.Абишова, АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.А.Бабаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Т.Кенжалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Маулен.  
**Шақырылғандар:** кафедра меңгерушісі Г.И.Исаев.

**Күн тәртібі:**

1. Кафедра ББ бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелері
2. Қаңтар-наурыз айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:** АК төрағасы б.ғ.к. Қ.Т.Абдраимова ағымдағы комитеттің күн тәртібіндегі мәселерге қысқаша тоқталып, қарастырылатын мәселелерге қысқаша тоқталды.

**1. АК төрағасы Қ.Т.Абдраимова:** 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология БББ-ның соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелерін талдай келе, ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісін қалыптастыру мақсатында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтік талдау нәтижелерінің қорытындысы бойынша 6B05146-Биология БББ-сы 2023 ж 20 бағдарламадан 15-ші орынға, 2022 – 17/3; 2021 – 18/7; 6B05169-Биотехнология БББ-сы – бойынша бітіруші түлектер болған жоқ. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жұмысқа орналасқандардың жалақысының аз төмен болуы талдаудың басты мәселесі ретінде қарастырылды.

**АК мүшесі, академиялық персонал Қ.Т.Ибрагимова:** ХҚТУ-нің алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен келіссөздер бастамасы өткен оқу жылының аяғында ғалымдарымыз Пеями Баттал, Мурат Келеш, Қ.А.Полатбекова, Ғ.И.Исаев, Н.А.Ахметовтің қатысуымен онлайн форматта өткен келіссөз барысында біздің 6B05146-Биология білім беру бағдарламасымен Еге университетінің ғылыми биология мамандығының құрылымы, пән модульдері, оқу жоспарлары өзара талқыға салынды. Талқылау нәтижесінде модульдердің, оларға кіретін пәндердің кредит көлемдерінің, кәсіптік практикалардың да семестрлер бойынша бір-біріне сәйкес келмейтіні туралы талқыланды. Алайда, басқа да шет елдік ЖОО-мен осындай әрекеттерді қолға алып, білімгерлеріміздің шетелдік ЖОО-мен танысуын әрі қарай жалғастыру біз үшін күшті мүмкіндік болары анық. Биология кафедрасында 6B05146-Биология білім беру бағдарламасының білімгерлері мысалы, 2021-2022 оқу ондоқуы Майыс Университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алды. БББ-ды 2025-2026 оқу жылында жаңарту жоспарланған, сондықтан жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері ретінде сауалнамалар, ұсыныстар, сараптамалық тұжырымдамалар қажетті талқылаудан өтіп, қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткіземіз деп ойлаймыз.


**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Г.О.Абишова алды:** 2024-2025 оқу жылында 6B05146-Биология - 59 (47 грант, 12) және 6B05169-Биотехнология БББ сәйкесінше 10 (5 грант, 1 түркия гранты, 4 ақылы) білімгер қабылданды. 2023-2024 оқу жылы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері атқаратын функциялары мен түрлеріне қатысты жұмыс орындарының жеткіліксіздігі әлсіз жақтың бірі болып табылады. 6B05146-Биология БББ бітіруші 46 білімгер -73,3% құрады, ал 6B05169-Биотехнология БББ бойынша алғашқы түлек 2023 жылы бітірді, 2024 жыл бойынша Атамекен рейтингі бойынша 14/18 орын. Әйтсе де, 6B05146-Биология БББ бойынша қалған пайызды магистратурада оқуды жалғастырған және декреттік демалыстағы бітірушілеріміз құрады. Осы орайда, жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар жүргізілуде, Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытына сәйкес өндірістік мекемелер, кәсіпорындардағы бағыт бойынша жұмыс штаттық орындарының көбеюі негізделіп, олардың потенциалды жұмыс берушілердің қатарында болуы заман талабы. Алайда, бұл біз үшін әлі қолжетімді болып отырған жоқ.

Күн тәртібі бойынша көптеген маңызды мәселелер талқыланды, алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жұмыстар өте көп, «жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей» комитет мүшелері бірлесе барлық жұмыстардың шешімін табады деген бірауыздан сенім бар.

**Шешім:** Кафедра ББ бойынша рейтинг нәтижелерін жоғарылату және ЖОО-мен серіктестік бойынша жұмыстар жандандырылсын. Қаңтар-наурыз айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі назарға алынсын.

**Мәжіліс төрағасы:**

**Хатшысы:**



**Қ.Т.Абдраимова**

**Г.О.Абишова**